Егер операция нәтижесін сенімді бағалау мүмкін болмаса және жұмсалған шығындардың өтелетініне сенімділік болмаса, табыс танылмайды, ал жұмсалған шығындар шығыс ретінде танылады.

Шығыстар – Жарғыда белгіленген қызметті, әкімшілік-шаруашылық және өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру барысында пайда болатын шығындар. Олар есепті кезең ішінде активтердің кемуі немесе амортизациясы немесе міндеттемелердің ұлғаюы нысанында экономикалық тиімділіктің төмендеуін білдіреді, нәтижесінде таза активтердің азаюына әкеледі (құрылтайшыға төлемдермен байланысты емес жағдайда).

Мерзімдік есептеу әдісіне (начисление) сәйкес, шығыстар ақша қаражатының нақты төлену мерзіміне қарамастан, олар туындаған кезеңде танылады. Бұл қағидатты сақтау мақсатында тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жеткізуге байланысты шығыстар бастапқы құжаттардың болуына қарамастан, бағалау құны бойынша есептен шығарылады. Ал бастапқы құжаттар түскеннен кейін шығыстар сатып алу құны негізінде нақтылауға жатады.





Шығыстар келесі жағдайларда танылады:

1. шығыстар сомасын сенімді бағалауға болады;
2. болашақ экономикалық тиімділіктің кемуі орын алады (активтің азаюы немесе міндеттеменің ұлғаюы түрінде).

Шығыстар ақша қаражатымен немесе өзге түрде төленген сомаға немесе мойындалған кредиторлық берешек мөлшеріне тең көлемде есепке алынады. Төлем немесе кредиторлық берешек мөлшері жеткізуші мен сатып алушы арасында жасалған сатып алу-сату шартына сәйкес, шарттық баға және өзге де талаптар негізінде анықталады.

#### **Жарғылық капитал**

Жарғылық капитал – бұл заңды тұлғаның жарғы құжаттарында белгіленген және мемлекеттік тіркеуден өткен мөлшер.

#### **Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)**

Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал) – есепті кезеңнің таза қаржылық нәтижесін алдыңғы жылдардың жиынтық нәтижесіне қосу жолымен қалыптасқан көрсеткіш. Бөлінбеген пайданы пайдалану тек құрылтайшының (уәкілетті органның) шешімі негізінде жүзеге асырылады.

#### **Қызметкерлерге сыйақы төлеу**

Еңбекақы төлеу шығыстарына қызметкерлер көрсеткен қызметтерге айырбас ретінде берілетін барлық түрдегі сыйақылар мен төлемдер жатады.

Қоғам есепті кезең ішінде жалақы мен оған байланысты басқа да төлемдерді еңбекақы бойынша міндеттеме ретінде таниды.

Жеке табыс салығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төленеді. Жеке табыс салығының мөлшерлемесі – қызметкердің жалақысының 10%-ын құрайды. Жеке табыс салығы мен қызметкерлердің жалақысы есептеу әдісімен шығыстар ретінде танылады.

#### **Жеке табыс салығы**

Ағымдағы салық бойынша салықтық активтер мен міндеттемелер ағымдағы және өткен кезеңдер үшін салық органдарына төлеуге жататын немесе қайтаруға жататын сома мөлшерінде бағаланады. Бұл сома тиісті есепті күнге қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған салық ставкалары мен салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

#### **Зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер және әлеуметтік салық**

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бюджетке әлеуметтік салық төлейді, сондай-ақ қызметкерлерінің жалақысынан міндетті зейнетақы жарналарын 10% мөлшерінде ұстап қалады және бұл жарналарды зейнетақы қорындағы қызметкерлердің жеке шоттарына аударады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, зейнетақы жарналарын қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады, ал «Туризм және қонақжайлылық халықаралық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қызметкерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға төлемдер жасау бойынша ағымдағы немесе болашақта қандай да бір міндеттемесі жоқ.

#### **Тиесілі тараптармен жасалған мәмілелер**

Осы қаржылық есептілік мақсатында тиесілі (байланысты) тараптар деп бір тарап екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бақылау жасауға немесе елеулі әсер етуге мүмкіндікке ие болатын тараптар танылады. Тараптардың байланысты болуы туралы мәселені шешу кезінде олардың құқықтық нысаны ғана емес, сондай-ақ өзара қатынастарының мәні де ескеріледі.

Тиесілі тараптарға қаржылық және операциялық шешімдерге бақылау жасауға немесе елеулі әсер етуге құқығы бар, немесе олардың қаржылық және операциялық шешімдеріне әсер ете алатын Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт





министрлігі Туризм индустриясы комитетінің жоғары басқару органдары жатады. Сондай-ақ, тараптың өзі осындай бақылау жасау немесе елеулі әсер ету мүмкіндігі бар басқа тараппен байланысты болуы да назарға алынады.

#### Кейінгі оқиғалар

Қаржылық есептілік жасалған күнге дейін орын алған және «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жағдайына қатысты қосымша ақпаратты білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) қаржылық есептілікте ескеріледі.

Жыл соңынан кейін орын алған, бірақ түзетуші оқиғаларға жатпайтын оқиғалар, егер олар маңызды болса, түсіндірме жазбаларда ашып көрсетіледі.

### 3. БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСҚА ҚАТЫСТЫ АШЫП КӨРСЕТУЛЕР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

#### 3.1. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

##### 3.1.1. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТЕРІ

(№1 нысан, баланс жолының коды 010)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері келесідей түрде ұсынылған:

| Атауы                                                        | (мың теңге)    |               |
|--------------------------------------------------------------|----------------|---------------|
|                                                              | 31.12.2024 ж.  | 31.12.2023 ж. |
| шот 1010 «Кассадағы ақша қаражаттары»                        | -              | -             |
| шот 1021 «Жолдағы ақша қаражаттары»                          | -              | -             |
| шот 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары»      | 754            | 22 467        |
| шот 1050 «Жинақ шоттардағы ақша қаражаттары»                 | 163 283        | 68 005        |
| шот 1090 «Ақша қаражаттарының құнсыздануына арналған резерв» | -              | -             |
| <b>Барлығы:</b>                                              | <b>164 037</b> | <b>90 472</b> |

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы 1030 шот бойынша «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттарына» қатысты толық ақпарат берілген:

| Атауы                                              | (мың теңге)   |               |
|----------------------------------------------------|---------------|---------------|
|                                                    | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| KZ296010001000026251 в АО «Қазақстан Халық Банкі»  | 300           | 22 088        |
| KZ 56601A891000563091 в АО «Қазақстан Халық Банкі» | 239           | 208           |
| KZ 486018771001161001 в АО «Қазақстан Халық Банкі» | 215           | 161           |
| <b>Барлығы:</b>                                    | <b>754</b>    | <b>22 467</b> |

2024 жылғы 31 желтоқсандағы 1050 шот бойынша «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары» жөніндегі толық мәлімет төменде келтірілген:

| Атауы                                    | (мың теңге)    |               |
|------------------------------------------|----------------|---------------|
|                                          | 31.12.2024 ж.  | 31.12.2023 ж. |
| KZ 26914162215KZ0002Ав АО «Bereke Bank»  | -              | 60 000        |
| KZ 63914162215KZ0003К в АО «Bereke Bank» | 3 942          | -             |
| KZ 57557X228000028KZТ депозит Фридом     | 104 934        | -             |
| Депозит в АО «Қазақстан Халық Банкі»     | 54 407         | 8 005         |
| <b>Барлығы:</b>                          | <b>163 283</b> | <b>68 005</b> |





### 3.1.2. ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДЕБИТОРЛЫҚ ҚАРЫЗ (№1 форма, баланс жолының коды 016)

Сауда және басқа дебиторлық қарыз бастапқы құны бойынша резервтеу әдісін қолдана отырып есепке алынады.

2024 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша қысқамерзімді сауда және басқа дебиторлық қарыз келесідей ұсынылған:

| (мың теңге)                                                                     |               |               |
|---------------------------------------------------------------------------------|---------------|---------------|
| Атауы                                                                           | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқамерзімді дебиторлық қарызы» | 27 203        | 27 303        |
| 1270 «Өзге қысқамерзімді дебиторлық қарыз»                                      | 4 603         | 7 502         |
| <b>Барлығы:</b>                                                                 | <b>31 805</b> | <b>34 805</b> |

1200 шот бойынша «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқамерзімді дебиторлық қарызы» жөніндегі шифрлама (толық ақпарат) төменде көрсетілген:

| (мың теңге)                                      |               |               |
|--------------------------------------------------|---------------|---------------|
| Атауы                                            | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| Студенттердің оқу үшін дебиторлық берешегі       | 27 203        | 27 303        |
| Студенттердің жатақханада тұруы бойынша берешегі | 4 603         | 7 502         |
| <b>Барлығы:</b>                                  | <b>31 805</b> | <b>34 805</b> |

### 3.1.3. ҚОРЛАР

(№1 форма, баланс жолының коды 020)

2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша 1300 шоттағы «Қорлар» келесідей ұсынылған:

| (мың теңге)                    |                |                |
|--------------------------------|----------------|----------------|
| Атауы                          | 31.12.2024 ж.  | 31.12.2023 ж.  |
| 1310 «Шикізат пен материалдар» | 99 518         | 101 087        |
| 1330 «Тауарлар»                | 148 746        | 95 957         |
| <b>Барлығы:</b>                | <b>248 264</b> | <b>197 044</b> |

### 3.1.4. БАСҚА ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

(№1 форма, баланс жолының коды 022)

2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша басқа қысқамерзімді активтер келесідей ұсынылған:

| (мың теңге)                            |               |               |
|----------------------------------------|---------------|---------------|
| Атауы                                  | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| 1710 «Қысқамерзімді берілген аванстар» | 31            | -             |
| <b>Барлығы:</b>                        | <b>31</b>     | <b>-</b>      |

1710 шот бойынша «Қысқамерзімді берілген аванстар» жөніндегі шифрлама (толық ақпарат) төменде келтірілген:

| (мың теңге)     |               |               |
|-----------------|---------------|---------------|
| Атауы           | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| АО «Казтелеком» | 3             | -             |





|                        |           |          |
|------------------------|-----------|----------|
| Өзгеде (Утембаев Ж.Н.) | 28        | -        |
| <b>Барлығы:</b>        | <b>31</b> | <b>-</b> |

### 3.2. ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

#### 3.2.1. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

(№1 форма, баланс жолының коды 121)

2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша негізгі құралдар келесідей ұсынылған:

(мың теңге)

| Негізгі құралдардың қозғалысы                        | Ғиматтар  | Машиналар мен жабдықта | Өзге активтер | Барлығы   |
|------------------------------------------------------|-----------|------------------------|---------------|-----------|
| 2023 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құны            | 2 124 303 | 342 374                | 917 873       | 3 384 550 |
| Келіп түсуі немесе (жөндеу жұмыстары)                |           | 28 679                 | 70 309        | 98 988    |
| Қайта бағалау                                        |           |                        |               |           |
| Негізгі құралдардың шығуы немесе (есептен шығарылуы) |           | 412                    | 10 953        | 11 365    |
| 2024 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құны            | 2 124 303 | 370 641                | 977 229       | 3 472 173 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу         | 72 242    | 90 818                 | 132 990       | 296 050   |
| Есептелген тозу                                      | 46 033    | 66 487                 | 120 030       | 232 550   |
| Тозуды есептен шығару (шығару кезінде)               |           | 88                     | 3 343         | 3 431     |
| 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу         | 118 275   | 157 217                | 249 677       | 525 169   |
| Құнсыздану                                           |           |                        |               |           |
| 2023 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн            | 2 052 061 | 251 556                | 784 883       | 3 088 500 |
| 2024 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн            | 2 006 028 | 213 424                | 727 553       | 2 947 005 |

2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша, Қоғамда кепілдік қамтамасыз ету ретінде берілген негізгі құралдар болмаған. МСФО IAS 16 «Негізгі құралдар» стандартына сәйкес, негізгі құралдар объектілері жинақталған амортизация сомасын шегергендегі нақты құн бойынша көрсетіледі. Нақты құнға тиісті активті сатып алумен тікелей байланысты барлық шығындар кіреді.

#### 3.2.2. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

(№1 форма, баланс жолының коды 125)

Есепті кезең ішіндегі материалдық емес активтердің қозғалысы келесідей ұсынылған:

(мың теңге)

| Материалдық емес активтердің қозғалысы | 2024 жыл |
|----------------------------------------|----------|
| Кезеңнің басындағы бастапқы құны       | 27971    |
| Келіп түсуі (немесе жөндеу)            | 13839    |
| Қайта бағалау                          | -        |





|                                                  |               |
|--------------------------------------------------|---------------|
| Шығуы (немесе есептен шығару)                    | -             |
| Кезеңнің соңындағы бастапқы құны                 | 41810         |
| Жыл басындағы жинақталған тозу                   | 495           |
| Есептелген тозу                                  | 1 816         |
| Тозуды есептен шығару (шығару кезінде)           | -             |
| Жыл соңындағы жинақталған тозу                   | 2 311         |
| <b>2023 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн</b> | <b>27 476</b> |
| <b>2024 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн</b> | <b>39 499</b> |

### 3.3. ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

#### 3.3.1. ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ БАСҚА КРЕДИТОРЛЫҚ ҚАРЫЗ

(№1 форма, баланс жолының коды 214)

2024 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша қыскамерзімді кредиторлық қарыз келесідей ұсынылған:

| (мың теңге)                         |               |               |
|-------------------------------------|---------------|---------------|
| Атауы                               | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| «Қыскамерзімді кредиторлық берешек» | 788           | 86            |
| <b>Барлығы:</b>                     | <b>788</b>    | <b>86</b>     |

«Қыскамерзімді кредиторлық қарыз» бойынша толық мәлімет төменде келтірілген

| (мың теңге)                               |               |               |
|-------------------------------------------|---------------|---------------|
| Атауы                                     | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ                       | 383           |               |
| «Центральный депозитарий ценных бумаг» АҚ | -             | 86            |
| «Энергопоток» ЖШС                         | 405           |               |
| <b>Барлығы:</b>                           | <b>788</b>    | <b>86</b>     |

#### 3.3.2. ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

(№1 форма, баланс жолының коды 215)

2024 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша «Қыскамерзімді бағалау міндеттемелері» келесідей ұсынылған:

| (мың теңге)                                                                                                             |               |               |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---------------|
| Атауы                                                                                                                   | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| 3410 «Қыскамерзімді кепілдік міндеттемелер»                                                                             | 7 525         | 7 525         |
| 3430 «Қызметкерлерге сыйақы төлеуге қатысты қыскамерзімді бағалау міндеттемелері» (Демалыс төлемдеріне арналған резерв) | 2 275         | 26 601        |
| <b>Барлығы:</b>                                                                                                         | <b>9 800</b>  | <b>34 126</b> |

#### 3.3.4. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

(№1 форма, баланс жолының коды 219)

2024 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қыскамерзімді міндеттемелер» келесідей сипатталады:



(мың теңге)



| Атауы                                              | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
|----------------------------------------------------|---------------|---------------|
| 3540 «Шарттар бойынша қысқамерзімді міндеттемелер» | 18 916        | 16 429        |
| <b>Барлығы:</b>                                    | <b>18 916</b> | <b>16 429</b> |

3540 шот бойынша «Шарттар бойынша қысқамерзімді міндеттемелер» жөніндегі толық мәлімет төменде келтірілген:

| Атауы                                       | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
|---------------------------------------------|---------------|---------------|
| Студенттердің жатақхана үшін міндеттемелері | 18 916        | 16 429        |
| <b>Барлығы:</b>                             | <b>18 916</b> | <b>16 429</b> |

### 3.3.5. БАСҚА ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

(№1 форма, баланс жолының коды 222)

2024 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша «Басқа қысқамерзімді міндеттемелер» келесідей сипатталады:

| Атауы                                                       | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
|-------------------------------------------------------------|---------------|---------------|
| «Салықтар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер»             | 14 584        | 26            |
| «Басқа міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер» | 316           | 92            |
| «Қысқа мерзімді аванстар (алдын ала төлемдер)»              | 21 542        | 13 612        |
| <b>Барлығы:</b>                                             | <b>36 442</b> | <b>13 730</b> |

### 3.5. КАПИТАЛ

#### 3.5.1. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

(№1 форма, баланстың жол коды 410)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жарғылық (Акционерлік) капитал келесідей түрде ұсынылған:

| Атауы                          | 31.12.2024 ж.    | 31.12.2023 ж.    |
|--------------------------------|------------------|------------------|
| шот 5020 «Жай акциялар»        | 3 743 051        | 3 743 051        |
| шот 5030 «Салымдар мен пайлар» | 126 281          | 126 281          |
| <b>Барлығы:</b>                | <b>3 869 332</b> | <b>3 869 332</b> |

Қоғамның жарғылық капиталы мөлшері жағынан Жарғыға сәйкес келеді және толық қалыптастырылған.

#### 3.5.2. БӨЛІНБЕГЕН ПАЙДА (ЖАБЫЛМАҒАН ЗИЯН)

(№1 нысан, баланстың жол коды 414)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (жабылмаған зияны) келесідей түрде ұсынылған:

| Атауы                                            | 2024 ж.   | 2023 ж.   |
|--------------------------------------------------|-----------|-----------|
| Жыл басындағы бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян) | (495 407) | (133 868) |
| Жыл соңындағы бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян) | (504 637) | (495 407) |





Баланстың 414-жолы «Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)» 5610 «Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған зияны)» және 5620 «Алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған зияны)» шоттары бойынша көрсетілген.

#### 4. ПАЙДА ЖӘНЕ ЗИЯН ТУРАЛЫ ЕСЕПKE БЕРІЛЕТІН АҚПАРАТТАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

Пайда және зиян туралы есепке берілетін ақпараттар мен түсініктемелер бухгалтерлік балансқа қатысты ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» стандартының 81А–105-тармақтарының талаптарын ескере отырып ұсынылған.

Қоғам шығындарды ішкі санаттар бойынша жіктеу кезінде екінші ұсыну форматын қолданады. Бұл формат — «шығындардың мақсаты бойынша» немесе «сатылған өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны бойынша» әдіске негізделген талдауды білдіреді. Бұл әдіс шеңберінде шығындар олардың мақсатына қарай сатылған өнімнің өзіндік құнының, тарату немесе әкімшілік қызметтердің құрамына жатқызу арқылы жіктеледі.

Қоғам осы әдіс шеңберінде, ең кемі, сатылған өнімнің өзіндік құнын басқа шығындардан жеке көрсетіп, ашып көрсетеді.

##### 4.1. ТАБЫС

(№2 нысан, 010-жол)

Қызмет көрсету, жұмыстарды орындау және дайын өнімді өткізу бойынша табыстар Пайда мен зиян туралы есепте, сондай-ақ меншік құқығынан туындайтын барлық елеулі тәуекелдер мен тиімділіктер тапсырыс берушіге (сатып алушыға) өткен сәтте баланс бойынша көрсетіледі.

Қызметтер мен жұмыстарды орындаудан түскен табыс есепті күнгі операцияның аяқталу дәрежесіне пропорционалды түрде танылады. Аяқталу кезеңі орындалған жұмыстардың нәтижелері туралы есептер негізінде айқындалды.

Қызмет көрсету, жұмыстарды орындау және дайын өнімді өткізу бойынша есепті кезеңдердегі табыс келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

| (мың теңге)                                         |                  |                  |
|-----------------------------------------------------|------------------|------------------|
| Атауы                                               | 31.12.2024 ж.    | 31.12.2023 ж.    |
| 6010 «Өнім сату мен қызмет көрсетуден түскен табыс» | 3 646 448        | 2 597 183        |
| <b>Барлығы:</b>                                     | <b>3 646 448</b> | <b>2 597 183</b> |

Төменде 6010 «Өнімді өткізу және қызмет көрсету бойынша табыс» шоты бойынша мәлімет келесідей түрде ұсынылған:

| (мың теңге)                            |                  |                  |
|----------------------------------------|------------------|------------------|
| Атауы                                  | 31.12.2024 ж.    | 31.12.2023 ж.    |
| Мемлекеттік тапсырыс бойынша           | 3 345 972        | 2 465 839        |
| Ғылым және жоғары білім министрлігінен | 125 603          | 39 029           |
| Күндізгі оқу нысанындағы студенттерден | 144 957          | 76 151           |
| Емтихандарды қайта тапсырудан          | 29 916           | 16 164           |
| <b>Барлығы:</b>                        | <b>3 646 448</b> | <b>2 597 183</b> |

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқыда күтілген ұзақтығы бір





жыл немесе одан аз болатын, орындалуға жататын қалған міндеттемелер бойынша ақпарат ашылмайды, бұл ХҚЕС (IFRS) 15 стандартына сәйкес рұқсат етіледі.

#### 4.2. САТЫЛҒАН ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

(№2 нысан, 011-жол)

Есепті кезеңдердегі шығындар мынадай мөлшерде болды:

| Атауы                                                        | (мың теңге)      |                  |
|--------------------------------------------------------------|------------------|------------------|
|                                                              | 31.12. 2024ж.    | 31.12.2023 ж.    |
| «Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны». | 3 026 490        | 2 174 369        |
| <b>Барлығы:</b>                                              | <b>3 026 490</b> | <b>2 174 369</b> |

Төменде 7010 «Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны» шоты бойынша мәлімет келесідей түрде ұсынылған:

| Атауы                                                     | (мың теңге)   |               |
|-----------------------------------------------------------|---------------|---------------|
|                                                           | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| Еңбек ақы                                                 | 950 662       | 747 508       |
| Бланк жасау                                               | 3 499         | 58            |
| Негізгі құралдардың тозуы                                 | 205 346       | 143 256       |
| НИР                                                       | 108 243       | 30 249        |
| Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары              | 9 475         | -             |
| МӘМС аударымдары                                          | 23 743        | 16 656        |
| Әлеуметтік аударымдар                                     | 22 956        | 15 957        |
| Нысанды күзету                                            | 18 376        | 14 150        |
| Біліктілікті арттыру және семинарларға қатысу             | 618           | 600           |
| Әлеуметтік салық                                          | 47 625        | 34 873        |
| Салықтар (мемлекеттік баж)                                | 467           | 914           |
| Аудиторлық (кеңес беру) қызметтері                        | 1 647         | 268           |
| Пошта қызметтері                                          | 1 587         | 1 239         |
| Өзге шығындар                                             | 55 099        | 715           |
| Өзге қызметте                                             | 18 082        | 10 583        |
| Іссапар шығындары                                         | 25 584        | 18 994        |
| Platonus бағдарламасын қызмет көрсетуге арналған шығындар | 11 460        | 8 705         |
| Жарнама шығындары                                         | -             | 3 465         |
| Қызмет көрсету алымы                                      | 1 220         | -             |
| Ғимараттар мен үй-жайларды ұстау және қызмет көрсету      | 799           | 8 876         |
| Материалдарды есептен шығару                              | 53 634        | 26 479        |
| Шәкіртақы                                                 | 1 045 110     | 822 813       |
| Шәкіртақы Экология                                        | 184 356       | 138 094       |
| Ағымдағы жөндеу                                           | 2 100         | -             |
| Көлік қызметтері                                          | 1 033         | 7 102         |
| Студенттерді тасымалдау                                   | 62 188        | 26 726        |
| Аккредиттеу қызметтері                                    | 6 400         | -             |
| Үй-жайды жалға алу қызметтері                             | 5 376         | 6 057         |
| Аккредиттеу қызметтері                                    | -             | 4 100         |
| Білім беру қызметтері                                     | 32 702        | 24 066        |





|                                                                            |                  |                  |
|----------------------------------------------------------------------------|------------------|------------------|
| Іс-шаралар кезінде тамақтандыру қызметтері                                 | 4 362            | 153              |
| Іс-шараны ұйымдастыру қызметтері                                           | 57 085           | 1 886            |
| Ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді ұсыну қызметтері                      | 4 552            | 1 020            |
| Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану құқығына лицензия беру қызметтері | -                | 2 561            |
| Теледидарда жарнама орналастыру қызметтері                                 | 23               | -                |
| Жарнамалық нысандарды әзірлеу және дизайн қызметтері                       | 2 259            | 3 648            |
| Техникалық қызмет көрсету қызметтері                                       | 5 870            | 6 034            |
| Техникалық сараптама қызметтері                                            | 240              | 2 040            |
| Орталық депозитарийдің қызметтері                                          | 63               | 59               |
| Мүшелік жарна                                                              | 1 444            | 2 539            |
| Коммуналдық шығыстар                                                       | 51 205           | 41 927           |
| <b>Барлығы:</b>                                                            | <b>3 026 490</b> | <b>2 174 369</b> |

#### 4.3. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

(№2-нысан, 014-жол)

Есепті кезеңдердегі әкімшілік шығыстар келесі элементтерден тұрады:

| (мың теңге)        |                |                |
|--------------------|----------------|----------------|
| Атауы              | 2024 жыл       | 2023 жыл       |
| Әкімшілік шығындар | 685 352        | 527 305        |
| <b>Барлығы:</b>    | <b>685 352</b> | <b>527 305</b> |

7210 «Әкімшілік шығыстар» шоты бойынша төмендегідей түрде көрсетілген:

| (мың теңге)                                                  |               |               |
|--------------------------------------------------------------|---------------|---------------|
| Атауы                                                        | 31.12.2024 ж. | 31.12.2023 ж. |
| Еңбек ақы                                                    | 556 957       | 420 223       |
| Салықтар                                                     | 2 806         | 5 347         |
| Әлеуметтік салық                                             | 24 113        | 18 354        |
| Жергілікті бюджетке түсетін басқа салыққа жатпайтын түсімдер | 222           | -             |
| Маңдайша (тақтайша) жасау                                    | -             | 250           |
| Негізгі құралдардың тозуы                                    | 27 204        | 31 289        |
| Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры                     | 7 039         | 1 812         |
| Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары                 | 5 113         | -             |
| МӘМС аударымдары                                             | 12 277        | 8 984         |
| Әлеуметтік аударымдар                                        | 11 639        | 8 971         |
| Аудиторлық (кеңес беру) қызметтері                           | 455           | 4 516         |
| Банк қызметі                                                 | 384           | 766           |
| Мемлекеттік баж                                              | 6             | 48            |
| НИР                                                          | -             | 2 000         |
| Біліктілікті арттыру және семинарларға қатысу                | 275           | 138           |
| Өкілдік мақсаттағы шығындар                                  | 1 687         | 1 345         |
| Өзге де шығындар                                             | 443           | 1             |
| Өзге де қызметтер                                            | 3 845         | -             |
| Жарнамаға жұмсалған шығындар                                 | 299           | -             |
| ІС бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдау                     | 3 189         | 980           |
| Сактандыру                                                   | 5 271         | -             |
| Іссапар шығындары                                            |               | 12 197        |





|                                                       |                |                |
|-------------------------------------------------------|----------------|----------------|
| Негізгі құралдардың ағымдағы жөндеуі                  | 4 360          | -              |
| Студенттерді тасымалдау қызметтері                    | 6 273          | -              |
| Ауруға байланысты медициналық сақтандыру қызметтері   | -              | 2 137          |
| Іс-шараларда тамақтандыруды ұйымдастыру қызметтері    | 1 333          | 1 232          |
| Ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді ұсыну қызметтері | 6 339          | 5 652          |
| Жұмыстар түрлері бойынша сметаны құрастыру қызметтері | 178            | -              |
| Техникалық қызмет көрсету қызметтері                  | 1 500          | 220            |
| Техникалық сараптама қызметтері                       | 598            | 670            |
| Орталық депозитарийдің қызметтері                     | 185            | 173            |
| <b>Барлығы:</b>                                       | <b>685 352</b> | <b>527 305</b> |

#### 4.4. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

(№2 нысан, 021-жол)

Есепті кезеңдердегі қаржылық кірістер келесі элементтерден тұрады:

| (мың теңге)                |               |               |
|----------------------------|---------------|---------------|
| Атауы                      | 2024 жыл      | 2023 жыл      |
| Сыйақылар бойынша кірістер | 21 477        | 12 185        |
| <b>Барлығы:</b>            | <b>21 477</b> | <b>12 185</b> |

#### 4.5. БАСҚА КІРІСТЕР

(№2 нысан, 024-жол)

Есепті кезеңдердегі басқа кірістер келесі элементтерден тұрады:

| (мың теңге)                                |               |               |
|--------------------------------------------|---------------|---------------|
| Атауы                                      | 2024 жыл      | 2023 жыл      |
| Тегін алынған активтерден түсетін кірістер | 7 106         | -             |
| Басқа кірістер                             | 35 644        | 26 812        |
| <b>Барлығы:</b>                            | <b>42 750</b> | <b>26 812</b> |

#### 4.6. БАСҚА ШЫҒЫНДАР

(№2 нысан, 025-жол)

Есепті кезеңдердегі басқа шығындар келесі элементтерден тұрады:

| (мың теңге)                         |              |            |
|-------------------------------------|--------------|------------|
| Атауы                               | 2024 жыл     | 2023 жыл   |
| Активтердің шығыны бойынша шығындар | 8 064        | 651        |
| <b>Барлығы:</b>                     | <b>8 064</b> | <b>651</b> |

### 5. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПКЕ ҚАТЫСТЫ АШЫП КӨРСЕТУЛЕР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке қатысты ашып көрсетулер мен түсініктемелер ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» стандартының 111–124-тармақтары, сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» талаптарын ескере отырып берілген.

Ақша қаражаттарына кассадағы ақша және талап етілгенге дейінгі депозиттер кіреді.





Ақша қаражаттарының эквиваленттері – бұл қысқа мерзімді, жоғары өтімді инвестициялар, олар белгілі бір ақша сомасына оңай айырбасталады және олардың құнының өзгеру тәуекелі өте төмен.

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпарат «тікелей» әдісін қолдану арқылы ұсынылады, бұл әдіске сәйкес негізгі жалпы ақша түсімдері мен төлемдері туралы ақпарат ашып көрсетіледі.

(мың теңге)

| Атауы                                                                        | 2024 ж. | 2023 ж.   |
|------------------------------------------------------------------------------|---------|-----------|
| Есепті кезеңдегі операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражатының сомасы   | 62 476  | 35 047    |
| Есепті кезеңдегі инвестициялық қызметтен түскен таза ақша қаражатының сомасы | 8 091   | (284 411) |
| Есепті кезеңдегі қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражатының сомасы      | 2 998   | 588       |
| Ақша қаражаты мен олардың баламаларының баланстық құнының өзгерісінің әсері  |         | (12)      |
| Итоговое изменение денежных средств за отчетный период                       | 73 565  | (248 788) |
| Есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражаттар және олардың эквиваленттері     | 90 472  | 339 259   |
| Есепті кезеңнің соңындағы ақшалай қаражаттар және олардың эквиваленттері     | 164 037 | 90 472    |

## 6. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕПКЕ ҚАТЫСТЫ АШЫП КӨРСЕТУЛЕР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есепке (есепті кезеңдегі меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есепке) қатысты ашып көрсетулер мен түсініктемелер ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» стандартының 106–110-тармақтары негізінде берілген.

Есепті кезеңнің басы мен соңы арасындағы кезеңде меншікті капиталда орын алған өзгерістер осы кезеңдегі таза активтердің ұлғаюын немесе азаюын көрсетеді. Бұл ретте меншік иелерімен осы мәртебеде жасалған операциялар нәтижесінде туындайтын өзгерістер (мысалы, жарғылық капиталға салымдар, ұйымның меншікті үлестік құралдарын қайта сатып алу, дивидендтер) және осындай операциялармен тікелей байланысты мәміле шығындары есепке алынбайды.

Есепті кезеңдегі меншікті капиталдың жалпы өзгерісі ұйым қызметінің нәтижесінде туындаған табыстар мен шығындарды, соның ішінде кірістер мен шығындарды қамтитын жиынтық табыс сомасын білдіреді.

ХҚЕС (IAS) 8 есеп саясатына енгізілген өзгерістерді көрсету үшін, басқа ХҚЕС-да өзгеше көшу тәртібі көзделмесе, мүмкіндігінше, ретроспективті түзетулер жүргізуді талап етеді. Қателерді түзету де мүмкіндігінше, ретроспективті түрде жүзеге асырылады. Ретроспективті түзетулер мен қателерді ретроспективті түзету меншік капиталындағы өзгерістер болып саналмайды, алайда олар бөлінбеген пайданы (таратылмаған кірісті) ашу сальдосын түзету арқылы көрсетіледі.

## 7. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР

ХҚЕС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» стандартында берілген анықтамаларға сәйкес, Қоғам үшін байланысты тараптар болып табылады:

- Құрылтайшылар;
- Бір құрылтайшы арқылы байланысты тұлғалар мен Қоғам;





- Негізгі басқарушылық персонал.

**7.1. Есепті жылдың 31 желтоқсанына Қоғамның құрылтайшыларының (қатысушыларының) тізімі:**

(мың теңге)

| №<br>к/с | Құрылтайшының (қатысушының)<br>атауы                      | 2024 жыл         |            | 2023 жыл         |            |
|----------|-----------------------------------------------------------|------------------|------------|------------------|------------|
|          |                                                           | Сомма            | % үлес     | Сомма            | % үлес     |
| 1.       | МҚМ «Мемлекеттік мүлік және<br>жекешелендіру комитеті» ММ | 3 869 332        | 100        | 3 869 332        | 100        |
|          | <b>Барлығы:</b>                                           | <b>3 869 332</b> | <b>100</b> | <b>3 869 332</b> | <b>100</b> |

**7.2. Қатынастар сипаты.**

| №<br>к/с | Байланысты тарап                                                                                  | Қоғаммен қатынастар сипаты         |
|----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|
| 1.       | ММ «Қазақстан Республикасының Туризм<br>және спорт министрлігінің Туризм<br>индустриясы комитеті» | бірден-бір акционер болып табылады |

**8. ШАРТТЫ ЖӘНЕ БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

**Кәсіпорын қызметінің экономикалық жағдайлары**

Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттарға ие, соның ішінде салыстырмалы түрде жоғары инфляциямен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының салық, валюта және кеден заңнамасы әртүрлі түсіндіруге және жиі өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Қазақстан Республикасының әрі қарайғы экономикалық дамуы көбіне Үкіметтің экономикалық, қаржылық және ақша-кредит салаларында қабылдайтын шараларының тиімділігіне, сондай-ақ салықтық, құқықтық, нормативтік және саяси жүйелердің дамуына байланысты.

Қазіргі қаржылық дағдарыс салдарынан бұл қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық қолданатын бағалаулар мен пікірлерге қатысты белгісіздік артты. Бұл бағалаулар ең алдымен активтердің құнсыздануының белгілерін анықтауды және құнсыздану сомасын есептеуді, сондай-ақ әділ құнды бағалауды (соның ішінде нарықтық котировкаларды қолдану, нарықтың белсенді екендігін анықтау және бағалау үлгілерін пайдалану) қамтиды. Мұндай бағалаулар мен пікірлер үнемі қайта қаралып отырады, және басшылық олар қазіргі жағдайға сай әрі барынша маңызды ақпаратты ескеретінін есептейді.

Басшылық қаржы нарықтарындағы өтімділіктің одан әрі төмендеуі мен валюта және қор нарықтарындағы тұрақсыздықтың өсуінің Қоғамның қаржылық жағдайына ықпалын дәлме-дәл анықтай алмайды.

**Салық салу**

Кәсіпорын корпоративтік табыс салығы (КТС) және қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша салық төлеуші болып табылмайды. Сонымен қатар, Қоғам тіркелген салық төлеуші ретінде ағымдағы және кейінгі кезеңдерде басқа да салықтар, соның ішінде «жергілікті салықтар» бойынша белгілі бір тәуекелдерді сақтап отыр. Қазақстан Республикасындағы салық заңдары жиі өзгерістерге ұшырайды және әртүрлі түрде түсіндірілуі мүмкін. Мұндай заңдарды Қоғам қызметіне қатысты басшылықтың түсіндіруі тиісті салық органдары тарапынан қайта қаралуы мүмкін, ал заңға сәйкес бұл органдар айыппұлдар мен өсімпұлдар салуға құқылы. Қаржы кезеңдері салық органдары тарапынан бес күнтізбелік жыл бойы тексерілуге ашық болып қалады. Қоғам салық заңнамасын



өзінің түсінуі негізінде салық міндеттемелеріне қатысты жеткілікті резервтер құрды деп есептесе де, жоғарыда аталған жайттар Қоғам үшін болашақта алдын ала болжауға болмайтын қосымша қаржылық тәуекелдер туындатуы мүмкін.

#### **Сот процестері мен талаптар**

Қоғамның күнделікті шаруашылық қызметі барысында әртүрлі сот процестерінің және талаптардың нысанына айналуы мүмкін. Қоғам туындайтын елеулі міндеттемелердің ықтималдығын нақты жағдайларды ескере отырып бағалайды және тиісті резервтерді қаржылық есептілікте тек міндеттемелерді өтеу үшін ресурстардың әкетілуі ықтимал және міндеттеменің сомасын жеткілікті сенімділікпен бағалауға болатын жағдайда ғана көрсетеді.

Қоғам басшылығы, егер мұндай міндеттемелер туындайтын болса да, олардың Қоғамның қазіргі қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсер етпейді деп есептейді. Осы себепті бұл қаржылық есептілікте резервтер құрылмаған.

#### **Экологиялық мәселелер**

Қазақстан Республикасындағы экологиялық заңнаманың қолданылуы даму үстінде, және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының оны сақтау жөніндегі ұстанымы үнемі қайта қаралып отырады. Қоғам қоршаған ортаны ластаумен байланысты өз міндеттемелерін кезең-кезеңімен бағалап отырады. Мұндай міндеттемелер анықталған сәтте олар бірден есептілікке енгізіледі. Қолданыстағы заңнама мен нормативтік актілердің өзгеруіне, сондай-ақ сот тәжірибесіне байланысты туындауы мүмкін әлеуетті міндеттемелерді жеткілікті дәлдікпен бағалау мүмкін емес, алайда олар елеулі болуы ықтимал. Қоғам басшылығы қолданыстағы экологиялық заңнаманы сақтауды бақылау жүйесінің қазіргі жағдайында Қоғамның қоршаған ортаға келтірілген залалмен байланысты елеулі міндеттемелері жоқ деп есептейді.

#### **Сақтандыру**

Қазақстандағы сақтандыру қызметтері нарығы қалыптасу сатысында, және көптеген дамыған елдерде кең таралған сақтандыру түрлері Қазақстанда әлі қолжетімді емес. Қоғам өз өндірістік нысандарының, өндірістің тоқтап қалуынан туындайтын залалдардың, немесе апаттар мен Қоғам қызметінің нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүлкіне не қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін туындаған міндеттемелердің сақтандырылуына толықтай кепілдік бермейді. Қоғамда жеткілікті сақтандыру қамтуы болғанға дейін, кейбір активтердің жоғалуы немесе зақымдануы Қоғамның қызметіне және қаржылық жағдайына елеулі теріс әсер ету қаупі бар.

### **9. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР, ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ**

Қоғамның негізгі қаржылық құралдарына қарыз қаражаттар, ақша қаражаттары және кредиторлық берешек жатады. Қаржылық құралдармен байланысты негізгі тәуекелдер: пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты тәуекел және айырбас бағамының өзгеруіне байланысты тәуекел. Қоғам сондай-ақ барлық қаржылық құралдармен байланысты өтімділік тәуекелін де басқарады.

#### **Пайыздық тәуекел**

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты тәуекел – бұл нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі нәтижесінде қаржылық құрал құнының ауытқу қаупі. Қоғамның нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне ұшырау дәрежесі, негізінен, пайыздық мөлшерлемесі өзгермелі ұзақ мерзімді қарыздарға байланысты.

#### **Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл Қоғамның өз міндеттемелерін олардың өтеу мерзімі келген кезде, әдеттегі немесе күтпеген жағдайларда орындай алмау қаупі. Өтімділік тәуекелі активтік операциялар бойынша талап ету мерзімдері мен пассивтік операциялар бойынша өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуінен туындайды. Күнделікті клиенттер шоттары





бойынша есеп айырысу, бюджетке төлемдер, еңбекақы төлеу, шаруашылық шығындарды жабу қажеттілігіне байланысты Қоғам бұл тәуекелге ұшырайды.

Қоғам жоғарыда көрсетілген барлық талаптар бойынша міндеттемелерді бір мезгілде орындау үшін ақша қаражатын жинақтамайды, өйткені қалыптасқан тәжірибеге сүйене отырып, аталған міндеттемелерді орындау үшін қажет ақша қаражатының деңгейін жеткілікті дәлдікпен болжауға болады.

Қоғам басшылығы өтімділікті ескере отырып активтерді басқарады және болашақ ақша ағындары мен өтімділікті күнделікті бақылауды жүзеге асырады. Бұл процесс күтілетін ақша ағындарын бағалауды және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыру алу үшін пайдалануға болатын жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуын қамтиды.

#### **Капиталды басқару**

Қоғам капиталдың барлық құрамдас бөліктерін қамтитын капитал деңгейін бақылайды. Қоғамның жеткілікті капитал деңгейін сақтаудағы мақсаты — кәсіпорынның болжанатын болашақта қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету, осылайша меншік иелері үшін капиталдың кірістілігін сақтап қалу және өзге де мүдделі тараптардың пайда алуын қамтамасыз ету, сондай-ақ тәуекел деңгейіне сәйкес келетін жеткілікті рентабельділікті қамтамасыз ету болып табылады.

#### **Қарыздар**

Қарыздар қысқа мерзімді кезеңге беріледі (немесе берілуі мүмкін).

#### **Ақша қаражаты және оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларының баланстық құны олардың қысқа мерзімділігіне байланысты әділ құнына шамалас.

#### **Сауда және өзге дебиторлық және кредиторлық берешек**

Өтеу мерзімі он екі айдан аспайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты, бұл қаржы құралдарының қысқа мерзімді сипатына байланысты олардың баланстық құны әділ құнына шамалас.

#### **ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**

Қоғам басшылығы есепті кезең күні мен осы қаржылық есептілікті бекіту күні арасындағы кезеңде осы қаржылық есептілікке әсер етуі мүмкін жағымды да, жағымсыз да оқиғалардың болмағанын есепке алады.

Қоғамның қызметінде есепті күннен кейінгі оқиғалар, яғни 2024 жылғы 31 желтоқсан мен 2025 жылғы 23 шілде аралығында, МСФО 10 «Есепті күннен кейінгі оқиғалар» талаптарына сәйкес, осы қаржылық есептілікке түзетулер енгізуді талап ететін мән-жайлар орын алған жоқ.

#### **ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ БЕКІТУ**

Басшылық атынан бекітілді:

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ**

**БАС БУХГАЛТЕР:**

**Күні: 2025 жылғы 23 шілде**



*Handwritten signature of A. Zh. Shokparov*

**ШОҚПАРОВ А.Ж.**

**ИБРАЕВА Ж.Е.**

